

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі "Субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" № 151 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 113 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2025 жылы 2 мамырда № 6231-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі "Субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" № 151 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 111914 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

М. Султангазиев